

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022/2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ/сынып: «Күншуақ» ересек жас тобы

Бала жасы: төрт жастағы балалар

Кезеңі: Наурыз айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру жетекшісінің жоспары бойынша.
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.</p> <p>Сөздік қор. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға баулу.</p>
Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Заттардың белгілерін, санын, әрекеттерін білдіретін сөздерді айту қабілетін дамыту; 5-ке дейін тікелей және кері санау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыру қабілетін дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Мұғалімнің үлгісі бойынша ойыншықтарды сипаттау қабілетін дамыту.</p>
Математика негіздері	Жиын. Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.

	<p>Сан, санау. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шама. Шаманы салыстыру кезінде қабаттасу әдістерін (жоғарғы жағында) және қосымшаларды (жанында) қолдану қабілетін дамыту</p> <p>Геометриялық фигуралар. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, оң жағымда терезе, сол жақта орындық, ойыншықтың арт жақта тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үй. Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> <p>Заттық әлем. Айналадағы заттар, олардың қасиеттері мен мақсаттары туралы түсініктерді кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Еңбекке баулу. Баланың айналасындағы ойыншықтарға, заттарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, олардың адамдардың еңбегімен жасалғандығы туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Оның жасына байланысты әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер туралы идеяларды қалыптастыру, ұлттық ойындар. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республика қалалары мен ауылдарының атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы түсініктерді дамыту.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ</p>

	<p>жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Жануарлар әлемі. Жандіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Сурет салу	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>
Мүсіндеу	<p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
Жапсыру	<p>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.</p>
Құрастыру	<p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
Музыка	<p>Педагог жоспары бойынша</p>